

**Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы ставкаларын арттыру туралы**

**Күшін жойған**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы № 159 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 ақпанда № 3283 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 273 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 10.12.2014 № 273 ш е ш і м і м е н .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 530 бабының 3 тармағына сәйкес **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес екі есеге арттырылсын.

2. Облыстық мәслихаттың Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 28 маусымда № 3263 тіркелген 2008 жылғы 18 маусымдағы № 89 "Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы ставкалар мөлшерін белгілеу туралы" шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш рет жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы Облыстық мәслихаттың хатшысы	В. ФАЛАЛЕЕВ А. ЕСІРКЕПОВ
	Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 6 ақпандағы N 159 шешіміне қосымша

**Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы ставкаларының**

## арттырылған мөлшерлері

Рет №	Жарнама түрлері	Төлемақы ставкалары (бір жағы үшін) (АЕК)
		Облыстық маңызы бар қалалар (Ақтөбе қаласы)
1	2	3
1.	Жылжымайтын объектілерде:	
1.1.	алаңы 2 ш.м. дейін сілтемелер, маңдайшалар, ақпараттық қалқандар (бір объект үшін)	2
1.2.	лайтбокстер (сити форматтағы)	4
1.3.	алаңы мынадай болатын жарнамалық-ақпараттық объектілер:	
1.3.2	5-тен 10 ш.м. дейін	10
1.3.3	10-нан 20 ш.м. дейін	20
1.3.4	20-дан 30 ш.м. дейін	30
1.3.5	30-дан 50 ш.м. дейін	40
1.3.6	50-ден 70 ш.м. дейін	60
1.3.7	70 ш.м. астам	100